

«Бұл қандай жоба?» ойыны

Жүргізуші сипаттаманы оқиды, педагогтер жобаның түрін табады.

1. Балалар балабақша ауласындағы құстарды бақылап, олардың қандай дән жейтінін және қай уақытта келетінін күн сайын жазып отырады.

Жауап: Зерттеу жобасы.

2. Балалар тәрбиешімен бірге түрлі тұқымдарды отырғызып, күн сайын суарып, өсімдіктің қалай өсетінін бақылап, суретке түсіреді.

Жауап: Танымдық-зерттеу жобасы.

3. Балалар ата-аналарымен бірге ұлттық тағамдардың түрлері туралы мәлімет жинап, балабақшада шағын көрме ұйымдастырады.

Жауап: Ақпараттық жоба.

4. Балалар ертегі кейіпкерлерінің костюмдерін дайындап, ертегіні сахналап көрсетеді.

Жауап: Шығармашылық жоба.

5. Балалар жол белгілерін үйреніп, картоннан макет жасап, шағын «Жол қозғалысы қалашығын» құрастырады.

Жауап: Практикалық жоба.

6. Балалар әр түрлі материалдарды (қағаз, пластик, ағаш) зерттеп, қайсысы су өткізетінін тәжірибе арқылы тексереді.

Жауап: Зерттеу жобасы.

7. Балалар өз қаласы немесе ауылы туралы суреттер, фотолар жинап, «Менің туған өлкем» атты альбом жасайды.

Жауап: Ақпараттық жоба.

8. Балалар табиғатты қорғау туралы плакаттар жасап, «Табиғатты қорғайық!» атты шағын акция ұйымдастырады.

Жауап: Әлеуметтік жоба.

Тренинг: «Қораптың құпиясы»

Мақсаты: жобалау идеяларын шығармашылық жолмен табу. Қажетті құралдар: қораптың ішінде түрлі заттар болады (жапырақ, тас, ойыншық машина, қауырсын, ракушка т.б.)

Барысы:

1. Әр топ қораптан бір зат алады.
2. Сол затқа байланысты балалармен жүргізілетін жоба ойлап табады.

Мысал:

Жапырақ → «Ағаштар әлемі» жобасы,

Тас → «Тастар қайдан пайда болады?»

Машина → «Көліктер қалай жүреді?»

